

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН
ДАМУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ**

**THE NEED TO DEVELOP ANIMAL HUSBANDRY IN THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN**

**Керимова У.К., Сағатова Б.Б.
U.K. Kerimova, B.B. Sagatova**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Аннотация Қазақстан Республикасындағы мал шаруашылығын дамытудың қажеттілігі қарастырылып, оның дамыту жолдары көрсетілген.

Ғылыми негізделген медициналық норма бойынша бір адамның басына шаққанда ҚР 82 кг ет жеу керек. Бұл медициналық норма совет өкіметі кезінде айқындалған. Бүгінгі ҚР әр бір адам 44 кг ет жеп отыр, яғни 47% -ға кем. Нарықтық экономикадағы сұраныс және ұсыныс заңына жүгінсек етке біздің елімізде сұраныс аз болғаны, бірақ ол нарықтың заңға жауап емес, тұтынушылардың төлемдік қабілетінің төмендеп кеткенін білдіреді.

ҚР бұл норма 2001 жылы қайтадан қарастырылып ең төменгі тұтыну нормасын анықтады. Бұл жерде бір жылда бір адам 15 кг сиыр еті, 9 кг шошқа еті, 6,3 кг қой еті, 5 кг құс еті, 3,2 кг жылқы еті және 3 кг бұқтырылған шұжық жеуі тиіс. Яғни, біз осы нормаға сәйкес 44 кг ет жеп отырмыз. Егерде басқа мемлекеттермен салыстыратын болсақ: Азербайджандар -26 кг, белорустар-60 кг, ресейліктер-56 кг, таджиктер – 14 кг ет жейді. Ал алыс елдермен салыстырсақ американдықтар 1 жылда 115 кг, европа елдерінде -90 кг ет жейді. Ғалымдардың мәліметіне жүгінсек етті экспортқа шығарудан бір жолы ол ішкі нарықта еттің бағасын жоғарылату 2010 жыл сәуір айында азақстан Ресейге 60 мың тонна етті экспортқа шығаруға келісім шартқа отырды, яғни, 3 жылда экспортқа шығатын еттің көлемін 6,2 мың тоннадан 60 мың тоннаға жеткізу көзделіп отыр. Қазіргі кезде ҚР 16,4 млн астам халық тұрады, яғни ішкі нарықтағы сұранысты қанағаттандыру үшін 1336 мың тонна ет өндіру керек, ал 2010 ж сойылған мал еттінің өндірілген көлемі 937,4 мың тонна 70% - ғана құрайды. Сонда экспортқа не шығарылады? Экспортқа шығарылатын еттің көлемін қалай көбейтуге болады деген сұрақ туындайды? Президенттің халыққа жолдауында 2014 жылы ішкі нарықтағы ауылшаруашылық тағамдарының 80% отандық өнімдер болуы тиіс. Яғни, республикадағы ауылшаруашылық саласына мемлекет тарапынан көптеген көмек көрсету қажеттілігі туындап отыр, әсіресе мал шаруашылық саласына бет бұрыс бар.

Соңғы жылдары республикада малдың басы едәуір жоғарылады. Мысалы, 2010 жыл ірі қара малдың басы 2000 жылға қарағанда 50%, оның ішінде сиыр басы 36,6%, қой мен ешкі -80%, шошқа - 24,9%, жылқы -56,6%, түйе – 72,7%, құс – 66,5% көбейді. (1 кесте).

Кесте 1. ҚР мал мен құс саны, мың. бас

Жылдар	Ірі қара мал	Оның ішінде сиыр	Қой мен ешкі	Шошқа	Жылқы	Түйе	Құс, млн. бас
1991	9592,4	3490,0	34555,7	2976,1	1666,4	145,1	59,9
1992	9576,3	3623,4	34419,8	2591,0	1703,5	148,8	52,7
1993	9346,6	3687,2	34208,1	2445,2	1776,6	154,8	49,8
1994	8072,9	3396,7	25132,1	1982,7	1636,0	141,2	32,7
1995	6859,9	3045,0	19583,9	1622,7	1556,9	130,5	20,8

1996	5424,6	2546,6	13679,4	1036,5	1310,0	111,2	15,4
1997	4307,1	2109,6	10384,3	879,0	1082,7	97,1	16,0
1998	3957,9	1952,8	9526,5	891,8	986,3	95,8	17,0
1999	3998,2	1962,3	9656,7	984,2	969,6	96,1	18,0
2000	4106,6	2014,7	9981,1	1076,0	976,0	98,2	19,7
2001	4293,5	0277,2	10478,6	1123,8	989,5	103,8	21,1
2002	4559,5	2171,4	11273,0	1229,8	1019,3	107,5	23,8
2003	4871,0	2267,3	12247,1	1368,8	1064,3	114,9	24,8
2004	5203,9	2376,2	13409,1	1292,1	1120,4	125,7	25,6
2005	5457,4	2442,6	14334,5	1281,9	1163,5	130,5	26,2
2006	5660,4	2569,0	15350,3	1304,9	1235,6	138,6	28,2
2007	5840,9	2605,6	16080,0	1352,7	1291,1	143,2	29,5
2008	5991,6	2675,4	16770,4	1347,3	1370,5	148,3	30,1
2009	6095,2	2717,3	17369,7	1326,3	1438,7	155,5	32,7
2010	6175,3	2751,3	17988,1	1344,0	1528,3	169,6	32,8

Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің мәліметі.

Ал егерде 1990 жылмен салыстырғанда ол көрсеткіштерге әлі жете алмай келеміз.

1990-2000 жылдары аралығында мал басы орта есеппен 56%-ға азайып, өндірілетін өнімдердің мөлшері 86,5% -ға кеміді. Асыл тұқымды мал шаруашылықтардың саны 3 есеге, ал ондағы мал басы 17 есеге азайды. Сол кезде жұмыс жасап тұрған 62 құс фабрикасының жартысына жуығы өз жұмыстарын тоқтатты.

Соның салдарынан мал өнімдерін тұтыну көлемі күрт төмендеп, еліміз ет бойынша өзінің экспорттық қабілетін жоғалтты да құс етінен импортқа тәуелді болып қалды.

Осы мәселені шешу мақсатында соңғы жылдары елімізде біршама жұмыстар жүзеге асырылды.

Біріншіден, саланың нарық жағдайында жұмыс істеуінің заңнамалық негізі қаланып, қатынастарды реттейтін заңдар мен нормативтік – құқықтық актілер қабылданды.

Екіншіден, мал шаруашылығын мемлекет тарапынан қолдау тетіктері белгіленіп, оған тиімді қаржы ресурстары бөлінді және олардың мөлшері жыл сайын көбейтіліп отырды.

Үшіншіден, ветеринария жүйесі халықаралық талаптарға сай қайта құрылды.

Экономикалық жасалған шаралардың арқасында мал шаруашылығы саласындағы көрсеткіштер жоғарылып тұрақты түрде саланың дамуына мүмкіншілік пайда болды.

Мысалы, осы уақыт аралығында мал басы орта есеппен 44%-ға өсті. Мал өнімдерін өндіру көлемі де осы деңгейге дейін көтерілді. Тоқтап қалған 14 құс фабрикасы өз жұмысын қайта бастап, жаңадан 8 жаңа өндіріс іске қосылды. Осының арқасында құс етінің импорт көлемі 70% - дан 58%-ға төмендеді.

Асыл тұқымды мал шаруашылығы да бұрынғы қалпына келе бастады. Асыл тұқымды мал шаруашылықтарының саны 37% -ға көбейіп, асыл тұқымды мал санының үлесі 2-3 есеге артты. Дегенмен, соның өзінде біз мал шаруашылығының негізгі көрсеткіштері бойынша 90- жылдардың деңгейіне әлі де жете алған жоқпыз. Екіншілікке қарағанда мал шаруашылығы техникалық және технологиялық жабдықталу жағынан да «кенжелеп» отыр. Яғни, атқарылған істерден гөрі әлі де жүзеге асырылатын шаруа басымды.

Мал шаруашылығы саласының дамуына шын мәнінде ықпал ететін үлкен мүмкіндіктердің бар екені белгілі.

Біріншіден, үлкен көлемдегі табиғи жайылымдарды шаруашылыққа пайдалану арқылы біз арзан және ең бастысы экологиялық таза мал шаруашылығы өнімін өндіру көлемін еселеп арттыра аламыз.

Екіншіден, ішкі нарықта да сыртқы нарықта да мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлеріне, әсіресе ет пен биязы жүнге сұраныс артып отыр.

Қазір мал шаруашылығы саласының әлсіз тұстары мыналар:

- Азық базасының әлсіздігі. Қазір біз бір шарты мал басына бар болғаны 14 центнер азық бірлігін өндіреміз, бұл зоотехникалық нормадан 2,3 есе төмен. Ауыспалы егістегі азықтық дақылдардың үлес салмағы ғылыми негізделген 30%-дың орнына бар жоғы 11% –ды құрайды. Сонымен қатар олардың шығымы төмен және өсірілетін азықтық дақыл түрлері шектеулі. Азық шаруашылығында өндірілетін мал азығының негізгі бөлігін өнімділігі аз табиғи шабындықтар құрайды, ал ақуызды, шырынды және құрама азықтар аз көлемде өндіріледі.
- Малдардың генетикалық әлеуетінің төмендігі. Жоғарыда айтылғандай асыл тұқымды ірі қара малдың табындағы үлесі не бары 5,6%, яғни мал шаруашылығы дамығын елдермен салыстырғанда 10 есе аз.
- Өндірістің ұсақ тауарлылығы. Бүгінде, ауыл шаруашылығы малдарының шамамен 85%-ы не өндіріс технологиясы, не өнім сапасы жоқ жеке қосалқы шаруашылықтарда шоғырланған.

Мал шаруашылығында азық өлшемімен қамтамасыз ету үшін егін шаруашылығын әртараптандыру аясында ауыспалы егіс көлеміндегі азықтық дақылдар үлесін ғылыми негізделген нормаға сәйкес деңгейге жеткізу керек яғни 2 есес ұлғайту қажет. Кепілді азық өндіруді көтеру маңызды болып табылады. Бұл мақсатқа суармалы жерлерге азық дақылдарын егу, сондай-ақ, азық дақылдары егілетін жаңа суармалы жерлерді айналымға енгізу есебінен жетуге болады.

Екіншіден, азықтық дақылдардың тұқым шаруашылықтары дамыту қажет. Бұл ретте 2014 жылы элиталы тұқым шаруашылықтары жүйесін дамыту және жыл сайын олардың көлемін 11,7 мың тоннаға жеткізу немесе қазіргі көлеммен салыстырғанда 2,5 есеге арттыру жоспарлануда.

Үшіншіден, құрама жем өндірісін қалпына келтіру, олардың жыл сайынғы өндіріс көлемін 1,0 млн тоннаға жеткізу қажеттігін туындатып отыр.

Төртіншіден, мал шаруашылығын дамыту үшін жайылымдық жерлердің мүмкіншілігін барынша қолдану бойынша кешенді шаралар қабылдау қажет.

Енді бұл үрдістерді қалай ынталандыруға болады?

Бірінші кезекте гидротехникалық құрылымдарды жанарту және суландырылатын жерлердің жағдайын жақсарту бойынша шығындарды субсидиялау арқылы мемлекеттік қолдау шараларын күшейтуді қарастыру қажет. Бұл мақсатта суландырылған жерлерді дамыту бойынша заң жобасы әзірленген.

Екіншіден, азықтық дақылдардың тұқым шаруашылықтарын субсидиялау көлемі артатын болады.

Үшіншіден, суландыру, дақылдық жайылымдарды құру, тозған жайылымдық жерлерді қалпына келтіру бойынша іс-шараларды бюджет есебінен несиелеу механизмдерін енгізуді жоспарлап жатыр. Егерде осы шара іске асқан жағдайда 2015 жылы асыл тұқымды малдың үлес салмағы 3 есе арттыруға болады.

Сонымен қатар асыл тұқымды құс шаруашылығының базасын дамыту үшін де шаралар қолданылуда. Бүгінгі таңда бізде ет бағытындағы құс шаруашылығының асыл тұқымды базасы құрылды.

Жұмыртқа бағытындағы құс шаруашылығында асыл тұқымдық база жоқ жұмыртқамен қамтамасыз етуде біздің мемлекет импортқа тәуелді болып отыр және де құс фабрикалары асыл тұқымдық жұмыртқа және тәуліктік балапан импортына жыл сайын 1 млрд теңгеден астам қаржы жұмсауда.

Енді мал шаруашылығының ұсақ тауарлылығын еңсеруге келсек бұл тұрғыда кооперацияларды дамытуда орта және ірі тауарлы өндірістерді құру есебінен қол жеткізуге толығымен болады.

Ол үшін инвестициялық жобаларды жүзеге асыру заманауи технологияларға негізделген жаңа өндірістерді құру керек. Бұл мақсаттарға ұлттық қордан алынған «ҚазАгро» ұлттық холдингінің қаржылары бағытталуда.

Сонымен қатар, ұсақ тауар өндірушілерді шоғырлануда тікелей түрде кластерлерге біріктіруге басымдылық берілетін болады. Атап айтқанда, ет кластерлерінің құрылуын және осының негізінде бордақылау алаңдарына ет жас мал өткізетін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мен отбасылық фермаларды ынталандыру шараларын қабылдау қажет. Осымен қатар, дайын фермаларды модернизациялау бойынша шаруашылық шығындарын субсидиялау көзделген. Одан басқа, қазіргі уақытта мемлекет ұсақ тауар өндірушілердің аяқтан тұруы және дамуы үшін ұзақ мерзімді жеңілдетілген кредиттер беру арқылы олардың бірігуі мен кооперация үрдісін ынталандыруда.

Сонымен қатар, оларды азықпен қамтамасыз ету, материалдық –техникалық жабдықтау, өндірілген өнімді дайындау, сату және қайта өңдеу бойынша жүйе құру жоспарланған. Осы шаралар негізінен ауылдағы кооперативтік қозғалысты дамыту аясында, оның ішінде әлеуметтік- кәсіпкерлік корпорациялар тарапынан сервистік – дайындау пунктерінің жобалары есебінен жүзеге асырылуы көзделініп отыр.

Ең бастысы ауылшаруашылық жерлерін кепілдікке алу және жеңілдетілген несие беру арқылы ынталандыру жағдайларын жасап жеке қосалқы шаруашылықтардың отбасылық фермаларға, фермерлік шаруа қожалықтарына бірігуіне жағдай жасау.

Ендігі жерде еліміздің эпизоотиялық салауаттылығын және мал шаруашылығы өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу шараларына келетін болсақ.

Айта кету керек, жергілікті жерлердегі бүгінгі таңдағы кемшіліктер негізінен жоспарланған ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың толық орындалмауы және жергілікті жерлерде ветеринария мамандары жетіспеушілігі салдарынан туындап отыр.

Жүйелі шараларға келсек, ветеринария саласына мемлекеттің қатысуын әрі қарай күшейтуде жергілікті деңгейде қызметі малдардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының алдын алуға бағытталған мемлекеттік ветеринариялық коммуналдық кәсіпорын нысанында әрбір ауданда ветеринариялық станциялар құру жөніндегі норма енгізіліпті болады. Осылайша ветеринария саласы толығымен мемлекет тарапынан: ветеринария инспекторларымен- бақылау, ауылдық округтардағы жергілікті атқару органдарының ветеринар дәрігерлері тарапынан ветеринариялық іс-шаралар ұйымдастыру, аудандық ветеринариялық станциялар тарапынан ветеринариялық алдын алу жұмыстарын жүргізу арқылы реттелетін болады.

Сонымен қатар, ветеринария мамандарын ауылдық жерлерге бекіту жұмыстарын күшейту қажет. Бұл мәселеде ауылдық жерлерге жұмысқа орналасуы кезінде мемлекеттік қолдау көрсетілетін әлеуметтік сала мамандарының қатарына ветеринарларды енгізу жөнінде ұсыныстар дайындалды.

Айта кеткенде, мал шаруашылығы егіншілік шаруашылығымен салыстырғанда ауыл тұрғындарының жыл бойы жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етеді, бұл ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейіне оң әсер етеді.

Нәтижесінде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі нығаяды және оның экспорттық әлеуеті артады.

Алайда, мал шаруашылығы тиісті талаптары бар күрделі сала екендігін ескеру қажет. Сондықтан, экономикалық шараларды қабылдаумен қатар, мал шаруашылығын агроөнеркәсіптік кешеннің басым бағытына айналдыруға бағытталған мақсатты жұмыстарды жүзеге асыру қажет.

Соңғы жылдары қолға алынып жатқан шаралардың бірі. Ол мал бордақылау алаңдарың көбейту. Олар малды өсіреді және түпкілікті семіртуді жүзеге асырады, сондай-ақ фермер шаруашылықтарына жалға беру, лизингке беру талаптарымен өндіруші бұқаларды беруге, теңдестірілген азықты жеткізуге ветеринарлық қызмет көрсетуге және т.б көмек көрсетеді.

Қазіргі таңда жалпы құны 12,8 млрд теңгеге және барлық өндіріс қуаты жылына 6 мың тонна ет өндіретін бордақылау алаңына құру бойынша 8 жобаны қаржыландыру мақұлданып отыр.

Барлығы 5 жыл ішінде бір жолға 150 мың бас немесе жылына 300 мың бас мал өсіретін шамамен 60 бордақылау алаңын құру жоспарлануда. Бұл 5 жылдан кейін экспортқа шамамен 60 мың тонна және 10 жылдан кейін 180 мың тонна сиыр етін шығаруға мүмкіндік туғызады.

Жалпы етті мал шаруашылығын дамытудың ұсынылған бағдарламасын қабылдау және іске асыру, мал шаруашылығының экспорттық әлеуетін іске асыру бойынша стратегиялық мақсатқа қол жеткізуден басқа қосымша мыналарға мүмкіндік береді: Елдегі эпизоотологиялық жағдай жақсартылады; тұрғындардың қолындағы тұқымсыз, өнімділігі төмен малдың барлық түрлерінің саны азайады; жемшөп базасының сапасы жақсарады; ауыл шаруашылығы малдарын есепке алу және сәйкестендірудің бірыңғай жүйесін құруға мүмкіндік береді; жабдықтау- өткізу және қайта өңдеу салаларындағы ауыл шаруашылығы тұтынушылар кооперациясын дамытады; жалпы жемшөп дайындау, мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, техникаларға қызмет көрсету және жөндеу сияқты аралас салалардың дамуын қамтамасыз етеді, ауылдағы әлеуметтік мәселелердің шешім табуына жағымды әсер етеді.

В данной статье рассматривался необходимость развития животноводства в Республике Казахстан и пути их совершенствования.

This article discusses the need to develop animal in the Republic of Kazakhstan and ways of improving them.

УДК 639.3:534.1

ОЦЕНКА ФИНАНСОВОЙ УСТОЙЧИВОСТИ ПРЕДПРИЯТИИ

ASSESSMENT OF FINANCIAL STABILITY ENTERPRISE

Макулова А.Т., Шарипова Б.Д.
A.T. Makulova, B.D. Sharipova

Казахский национальный аграрный университет
Казахстанский университет «Алатау»

Аннотация Целью данной работы является получение числа ключевых параметров, дающих объективную и точную картину финансового состояния предприятий, его прибылей и убытков, изменений в структуре активов и пассивов, в расчетах с дебиторами и кредиторами, дать оценку текущему финансовому состоянию предприятия, его проекции на ближайшую или более отдаленную перспективу, то есть ожидаемые параметры финансового состояния. Кроме того, изучить внутренние и внешние факторы воздействующие на организационную структуру предприятия, а также выявить причины, тормозящие развитие предприятия ТОО «Pulser».

Предварительная оценка финансового положения предприятия осуществляется на основе бухгалтерского баланса, преобразованного в аналитический баланс.

Сравнительный аналитический баланс получается из исходного путем дополнения его показателями структуры, динамики и структурной динамики вложений и источников средств предприятия за несколько лет. Обязательными показателями сравнительного